

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 28 қараша 2022 жыл

"ҚазТрансОйл" АҚ Астана қаласы сотының қаулысымен уақытша өтемдік тарифін енгізу туралы 2021 жылғы 26 қарашадағы №131-НҚ ТМРК бұйрығының күшін жою және заңсыз деп тану туралы хабарлайды

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (ТМРК) 2022 жылғы 6 сәуірдегі Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының уақытша өтемдік тарифті енгізу туралы 2021 жылғы 26 қарашадағы №131-НҚ ТМРК бұйрығын заңсыз деп тану туралы шешіміне апелляциялық шағым түсіру бойынша 2022 жылғы 24 қарашада Астана қаласы сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының отырысы өтті.

Астана қаласы сотының қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалдырылды - уақытша өтемақы тарифін енгізу туралы ТМРК-ның 2021 жылғы 26 қарашадағы №131-НҚ бұйрығы заңсыз деп танылды және күші жойылды.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Инвесторлармен байланыс қызметі